



ҚАЗАҚСТАН РЕСПУБЛИКАСЫ
БІЛІМ ЖӘНЕ ҒЫЛЫМ МИНИСТРЛІГІ
МИНИСТЕРСТВО ОБРАЗОВАНИЯ И НАУКИ
РЕСПУБЛИКИ КАЗАХСТАН
MINISTRY OF EDUCATION AND SCIENCE
OF THE REPUBLIC OF KAZAKHSTAN



Л. Н. ГУМИЛЕВ АТЫНДАҒЫ
ЕУРАЗИЯ ҰЛТТЫҚ УНИВЕРСИТЕТІ
ЕВРАЗИЙСКИЙ НАЦИОНАЛЬНЫЙ
УНИВЕРСИТЕТ ИМ. Л. Н. ГУМИЛЕВА
GUMILYOV EURASIAN
NATIONAL UNIVERSITY



Студенттер мен жас ғалымдардың
«Ғылым және білім - 2015»
атты X Халықаралық ғылыми конференциясының
БАЯНДАМАЛАР ЖИНАҒЫ

СБОРНИК МАТЕРИАЛОВ
X Международной научной конференции
студентов и молодых ученых
«Наука и образование - 2015»

PROCEEDINGS
of the X International Scientific Conference
for students and young scholars
«Science and education - 2015»

УДК 001:37.0
ББК72+74.04
Ғ 96

Ғ96

«Ғылым және білім – 2015» атты студенттер мен жас ғалымдардың X Халық. ғыл. конф. = X Межд. науч. конф. студентов и молодых ученых «Наука и образование - 2015» = The X International Scientific Conference for students and young scholars «Science and education - 2015». – Астана: <http://www.eni.kz/ru/nauka/nauka-i-obrazovanie-2015/>, 2015. – 7419 стр. қазақша, орысша, ағылшынша.

ISBN 978-9965-31-695-1

Жинаққа студенттердің, магистранттардың, докторанттардың және жас ғалымдардың жаратылыстану-техникалық және гуманитарлық ғылымдардың өзекті мәселелері бойынша баяндамалары енгізілген.

The proceedings are the papers of students, undergraduates, doctoral students and young researchers on topical issues of natural and technical sciences and humanities.

В сборник вошли доклады студентов, магистрантов, докторантов и молодых ученых по актуальным вопросам естественно-технических и гуманитарных наук.

УДК 001:37.0
ББК 72+74.04

ISBN 978-9965-31-695-1

©Л.Н. Гумилев атындағы Еуразия
ұлттық университеті, 2015

вторая – относятся к низкому уровню. Пятая ступень – это наивысший уровень читательской культуры. Третья и четвертая – основа для пятой и в совокупности составляют тип правильной читательской деятельности. А «тип правильной читательской деятельности (ТПЧД) – это модель самостоятельной в меру возможностей обучающихся полноценной деятельности с книгой и среди книг, формирующая у читателя устойчивую спонтанную потребность и способность в избирательном общении с другими людьми – авторами книг – с целью осознания себя и осмысления окружающего мира» [5, с. 71].

Л.А. Гаппоева выделяет следующие компоненты читательской культуры педагога: знание книг; умение действовать с книгами без посторонней помощи; отношение к книге не только как источнику информации, но и как собеседнику [5, с. 71].

Рассмотрев педагогические взгляды, мы делаем вывод, что в них главным фактором читательской культуры является деятельность и те результаты, которые будут получены учащимися, а также как они будут их использовать в процессе своего дальнейшего развития. Поскольку, читательская культура, на наш взгляд, обладает качествами самопознания, образования и самогармонизации и самоопределения в мире.

Список использованных источников

1. Светловская, Н.Н. Теоретические основы читательской самостоятельности и их реализация в системе начального обучения [Электронный ресурс] /Наталья Николаевна - дисс... д.п.н.- 13.00.02. – Москва, 1977-
https://dvs.rsl.ru/BGPU_im_M_Akmulla/Vrr/SelectedDocs?docid=rsl1%40004024112. – Дата обращения (26.01.2015). – 358с.

2. Чиндилова, О.В. в своем исследовании «Феноменология развития читательской культуры детей дошкольного возраста в контексте непрерывного литературного образования» [Электронный ресурс] / дисс. ... доктора педагогических наук : 13.00.02 / Ольга Васильевна Чиндилова. Челябинск, 2011. –
Режимдоступа:https://dvs.rsl.ru/BGPU_im_M_Akmulla/Vrr/SelectedDocs?docid=rsl01005000000/rsl01005031000/rsl01005031559/rsl01005031559.pdf . Дата обращения (26.02.2015). – с. 356.

3. Шулер, И.В. Развитие читательской культуры личности в условиях современной информационной среды (на материале обучения в вузе) [Текст]Ирина Владимировна Шулер. – дисс. ...канд. пед. наук. – 13.00.01. – Тюмень, 2011. – Режим доступа: https://dvs.rsl.ru/BGPU_im_M_Akmulla/Vrr/SelectedDocs?docid=%2Frsl01005000000%2Frsl01005373000%2Frsl01005373035%2Frsl01005373035.pdf. - Дата обращения (26.02.2015). - 156с.

4. Гаппоева, Л.А. Педагогические условия подготовки студентов университета – будущих учителей к формированию читательской культуры младших школьников [Электронный ресурс] /Лариса Анатольевна Гаппоева. - дисс... к.п.н.- 13.00.0 1. - Режим доступа: https://dvs.rsl.ru/BGPU_im_M_Akmulla/Vrr/SelectedDocs?docid=rsl1@002607767 . – Дата обращения (26.02.2015). – 155с.

УДК 37.013

ӘЛЕУМЕТТІК ПЕДАГОГТЕРДІҢ КОНФЛИКТОЛОГИЯЛЫҚ ҚҰЗІРЕТТІЛІГІН ҚАЛЫПТАСТЫРУ МӘСЕЛЕСІ

Шойдонда Марияш

ailana-90@mail.ru

Л.Н.Гумилев атындағы ЕҰУ, 1-курс магистранты

Ғылыми жетекшісі- Асылбекова М.П.

Адамзат тарихына назар салсақ, оның барлық кезеңдерінде қандай да деңгейде болмасын, конфликт орын алады. Біздің тілімізде «конфликт», деп аталып жүрген бұл

құбылыс латын тіліндегі «conflictus – қақтығыс» деген ұғымды білдіреді.

Конфликтті, адамдар қоғамының ешқайсысы қолдамағанымен, мұндай жағдайлар адмдардың еркінен тыс әлеуметтік орталарда орын алады. Конфликт жекелеген адамдардың, әлеуметтік топтардың бір-бірімен қарым-қатынас жасау, өзара әрекеттесу процесінде туындайды. Қазіргі уақытта қоғамда әлеуметтік шиеленістер жиі орын алып отыр. Еліміздің нарық қатынастарына көшу барысында қоғам өмірінің бар саласында қайшылықтар бұрын-соңды болып көрмеген конфликтті жағдайға ұласуы жиі ұшырасып отыр.

Алайда, «құзыреттілік» термині және оның аталған мәселедегі орнын алып қарастыратын болсақ. Онда құзыреттілік – бұл алынған білімдер мен біліктерді іс-жүзінде, күнделікті өмірде қандай да бір практикалық және теориялық мәселелерді шешуге қолдана алу қабілеттілігі. Демек «құзырет» және «құзыреттілік» ұғымдарын педагогикалық тәжірибеге енгізу жоғары оқу орындарында білім берудің мазмұны мен әдістерін өзгертуді, іс-әрекет түрлерін нақтылауды талап етеді. Осыған орай, ғалым К.Құдайбергенова: «Құзыреттілік ұғымы - соңғы жылдары педагогика саласында тұлғаның субъектілік тәжірибесіне ерекше көңіл аудару нәтижесінде ендіріліп отырған ұғым. Құзыреттіліктің латын тілінен аудармасы «competens» белгілі сала бойынша жан – жақты хабардар білгір деген мағынаны қамти отырып, қандай да бір сұрақтар төңірегінде беделді түрде шешім шығара алады дегенді білдіреді» деп көрсете келе, Тұлға құзырлылығын қалыптастырудың жолдарын атап көрсеткен. Олар:

- білім беру жүйесіндегі жүйеге кіретін бала жүйеден шыққанда түлек болады;
- тұлғаның ұжымға енуі арқылы әлеуметтік-психологиялық сипаты көрінеді, - деп тұжырымдайды [1].

Құзыреттілік тәсіл білімдік парадигмадан біртіндеп мектеп бітірушінің қазіргі көпфакторлы әлеуметтік-саяси, нарықтық-экономикалық, коммуникациялық және ақпараттық қаныққан кеңістік жағдайында тіршілік ету қабілетін көрсететін құзыреттер кешенін игеруге жағдай жасау дағдыларын қалыптастыруға қарай бет бұруды білдіреді.

Дегенмен, көптеген ғалымдар білім берудегі құзыреттілік тәсілдерін жүзеге асырудың төрт аспектісін ажыратып көрсеткен:

- түйінді құзыреттілігі;
- жалпыланған пәндік біліктілігі;
- қолданбалы пәндік біліктілігі;
- өмірлік дағдылары.

Бұл төрт бағыттың бәрі әлеуметтік педагогтердің құзыреттіліктерінің қалыптасуына қажет болып табылады. Кәсіби құзыреттіліктерді игеру, олардың оқу орнын бітіргеннен кейін жұмысқа дайындығын арттыруға себептігін тигізеді деп есептеймін.

Демек, әлеуметтік конфликттерді оқып-үйренудің теориялық және қолданбалық маңызы бар. Болашақ мамандардың конфликттік жағдайларға басшылық ете білуі, оны дұрыс шешу жолдарын табуы, сол сияқты конфликттің алдын алу шаралары туралы біліммен қарулануы қажет. Қазіргі қоғамдық ортаның прогрессивті түрде дамуы мен демократизациялануы кәсіби білім мен білікті адамдарға ғана байланысты емес, сонымен қатар конструктивті қатынас жасауға, өнімді қарым-қатынасқа қабілетті, өз мінез-құлқына бағыт беретін кәсіби тұлғаларға тәуелді. Дегенмен қазіргі таңда қоғамда әлеуметтік, саяси, және кәсіби ортадағы конфликттік жағдайлардың өсу деңгейі кемитін емес. Бұған себеп, бір жағынан, әлеуметтік қызметкерлерінің бұл сала бойынша дайындықтарының жеткіліксіздігінде. Осыған байланысты қалыптасқан бүгінгі күннің жағдайларын ескере отырып, конфликтіні педагогикалық теориясы мен аспектілері одан әрі дамуды қажет етеді.

Әлеметтану ғылымындағы түрлі бағыттағы зерттеушілер шиеленістің қоғам дамуындағы маңызы туралы ойларын білдіріп, бұл құбылысты жан-жақты зерттеудің қажеттілігін мойындаған еді. Осыған сәйкес, XIX ғасырдың соңында жарық көрген Г.Спенсер, М.Вебер және Л.Гумпловичтің еңбектерінде конфликттер әлеуметтік дамуға ықпал ететін құбылыс ретінде қарастырылады. Мәселен, Л.Гумплович К.Маркстен кейін көп ұзамай конфликттердің шығу себептерін адамдардың материалдық қажеттерін өтеуге

бағытталған күрестен іздеу керектігін айтады [2].

«Әлеуметтік конфликт» деген терминді алғаш рет ғылыми айналымға енгізген неміс ғалымы Г.Зиммель болды. Ол конфликттіні әлеуметтік ортаның маңызды және қалыпты түрі ретінде қарастырған. Г.Зиммелдің бұл бағыттағы ғылыми көзқарастарын XX ғ. 20-жылдары Чикаго мектебінің көрнекті өкілдері Роберт Парк, Эрнст Бюрджесс және Альбион Смолл қолдап, «әлеуметтік өзара ықпалдасу теориясын» негіздеді. Бұл теория бойынша шиеленіс еркін бәсеке, бейімделу ассимиляция, әлеуметтік өзара ықпалдасудың түрлері ретінде қарастырылған [3].

Неміс әлеуметтанушысы Р. Дарендорфтың ойынша, әлеуметтік конфликттердің басты себебі – саяси факторлар. Дәлірек айтқанда, конфликттер саяси билік мәселесіне байланысты туындайды. Бұл автор қоғам өмірінде әлеуметтік конфликттердің болуы заңды құбылыс екендігін айта келіп, адамдар арасындағы теңсіздік билікке байланысты деген қорытындыға келді. Билік барлық қоғамның мүшелеріне беріле бермейді. Қоғамда бір топ адамдар басқаларды басқаруға, бұйрық беруге, тәуелді етуге бағытталған билікке ие. Ал, көпшілік оларға бағынышты жағдайда. Мұндай әлеуметтік теңсіздік жеке адамдардың, әлеуметтік топтар мен таптардың меншікке, материалдық игіліктерге ие болуға, бөлінуге байланысты теңсіздігін тудырады. Сондықтан да Р.Дарендорф өз теориясында меншік, материалдарды игіліктерді бөлу мәселесіне басты назар аударады [4].

Ресей әлеуметтанушысы А.Т. Здравомысловтың пікірінше, қоғамда белгілі бір топтың азық-түлікке, тұрғын үйге, еңбек етуге, әлеуметтік бостандықтары мен құқықтарға деген қажеттіліктері қанағаттандырылмайды. әрине, әр адам лайықты өмір сүруге ұмтылады. Бұл аталған қажеттіліктер мүддеге айналады, мүддесі ортақ адамдар топталып, билікке, байлыққа қол жеткізу үшін басқалармен бәсекеге түседі. Ал, бәсекелесу қақтығысуға ұласады деп түсіндіреді.

Көрнекті әлеуметтанушы П.А. Сорокин кез келген әлеуметтік төңкерістің басты себебі, халықтың көпшілік бөлігінің өмір сүруге керек басты қажеттіліктерінің қанағаттандырылмауынан екендігін атап көрсеткен [5].

Конфликтті жағдай еңбекке, жанұяға, өнерге, спортқа, әлеуметтік институттарға байланысты адам ой-пікірлерінің, құндылықтарның қарама-қарсы болуынан келіп шығады. Құндылықтардың бағытына байланысты туатын даулы, конфликтті жағдайлар экономика, саяси, әлеуметтік-психологиялық және рухани салаларда орын алады.

Демек, әлеуметтік конфликттердің жалпы объективтік себептерін қарастыра отырып, қоғам өмірінде кездесетін конфликтті, даулы жағдайлар бұл тек объективтік себептерге ғана байланысты емес. Кей жағдайда адамдар арасындағы дау-жанжалдарға байланысты субъективтік себептерден де болады. Яғни адамдардың мінез-құлық ерекшеліктері, көңіл-күйлері, талғамдары, т.с.с байланысты. Батыс әлеуметтанушылары конфликттердің көпшілігі адамдар санасына байланысты туындайды деген пікірде. Жеке адамдардың, топтардың арасындағы қақтығыстар ақпараттың жетіспеуі мен сапасыздығынан, қарым-қатынас жасаудағы қиындықтардан да болады.

Мәселен, Р. Дарендорф конфликттерді жіктеуде әлеуметтік қауымдастықтың көлемі мен субъектілердің әлеуметтік рөлдерін негіз етіп алады. Бұл критерийлер бойынша автор конфликттерді жанұядан бастап әлемдік көлемдегі саяси конфликттерге дейінгі 15-ке жуық түрлерін атап көрсетеді.

Ал ғалым Ю. Запрудский төмендегідей жіктеуді ұсынған:

- 1) Шиеленістердің себептеріне қарай: объективтік себептерден пайда болатын шиеленіс және субъективтік себептерден пайда болатын шиеленіс;
- 2) Қайшылықтардың сипатына қарай: антогонистік және антогонистік емес;
- 3) Уақытына қарай: ұзақ мерзімді және қысқа мерзімді конфликттер;
- 4) Қоғамдағы ықпалына қарай: нәтижелі конфликттер және нәтижесіз конфликттер [6].

Ал, Ресей конфликтшісі А.Г. Здравомыслов әлеуметтік конфликттердің орын алу салаларына қарай экономикалық, саяси, ұлтаралық және конфликттер деп жіктейді.

Саяси конфликттер демократикалық қоғамдағы қалыпты құбылыс. конфликттің бұл

түрі билік, ықпал, белдел сияқты мәселелерге байланысты туады. Саяси конфликттер ашық немесе жасырын сипатта болуы мүмкін. Кей жағдайда конфликттер өрбіп, көтеріліс, жаппай қозғалыс немесе азамат соғысы сияқты кең көлемді қоғамдық оқиғаларға ұласуы да мүмкін.

Ұлтаралық конфликттер көпұлтты мемлекеттердегі ұлттық, этникалық топтардың өз құқықтары мен бостандықтарына қол жеткізуге бағытталған күрес негізінде болады. Көпшілік жағдайда ұлттардың мәртебесіне, сол сияқты территория мәселесіне байланысты да болады. Ұлтаралық конфликттердің саяси сипатта болуы әбден мүмкін. Мәселен, 1986-шы жылғы Алматыда болған «Желтоқсан оқиғасы» қазақ ұлтының тәуелсіздігі, құқықы үшін ғана емес, сол кездегі саяси жүйеге қарсы бағытталған қозғалыс еді.

Экономикалық конфликттер жекеленген индивидтер мен әлеуметтік топтардың өмір сүру жағдайларына, атап айтқанда, еңбекақы тұрмысқа қажет заттардың бағасы, қоғамдағы байлық пен ресурстарды бөлу мәселелерінен келіп шығады. Конфликттерді басқа да жіктеудің жолдары бар. Мәселен, мерзіміне қарай: қысқа мерзімді және ұзаққа созылатын конфликттер деп жіктеу; және ресурстарына қарай материалдық, рухани және әлеуметтік деп жіктеу бар.

Қорыта айтқанда, әлеуметтік конфликттерді жіктеудің жолдары сан алуан. Конфликттерді жіктеуде ең бастысы - оның дұрыс шешімін табуды басты мақсат ету қажет.

Осыған сәйкес әлеуметтік конфликттердің функцияларына келсек, ғылыми әдебиеттерде бұл құбылысқа екі түрлі көзқарас тұрғысынан қарау бар. Біріншісі – конфликтті қоғам үшін пайдалы, жағымды құбылыс деп бағалау; ал, екіншісі – конфликтті кері, жағымсыз құбылыс ретінде бағалау. Бірінші аталған парадигма конфликттің қоғам дамуындағы заңды құбылыс екендігін мойындаудан келіп шықса, екіншісі – оны қоғам өміріндегі аномалия ретінде қабылдаудан туындайды.

XX ғасырдың 50-ші жылдан бастап Батыс Еуропа мен АҚШ-тың ғалымдары әлеуметтік конфликттердің атқаратын қызметін жағымды, қоғам үшін пайдалы деп атап көрсетті. Мәселен, Л. Козер конфликттер әлеуметтік жүйені тоқыраудан сақтайтыны айтылған. Бұл құбылыс қоғамның тазаруына, ілгерілеп дамуына ықпал ете отырып, нәтижесінде қоғамда әлеуметтік конфликттер жағымды қызмет атқарады. Олар мыналар:

Ақпараттық-танымдық қызметі. Яғни әлеуметтік конфликттер қоғам өміріндегі шешілуі қажет түйсінді мәселелер туралы, қалыптасқан қайшылықтар туралы ақпарат береді. Ол өзара пікір-талас, қызу айтыс кезінде айқындалады.

Әлеуметтік конфликттердің келесі бір жағымды қызметі интегративтік деп аталады. Бұл қызметтің мәні – конфликттің пайда болуы, дамуы және оның дұрыс шешімін табуы барысында адамдардың белгілі бір әлеуметтік тобының тығыз топтала түсумен түсіндіріледі. Соның нәтижесінде қоғамдық қатынастар үйлесімге келіп, қоғамда белгілі бір деңгейде тепе-теңдіктің орнауы қамтамасыз етіледі.

Бұл жерде мынандай мәселені де естен шығармау керек. Қоғамда түрлі деңгейде болып тұратын конфликттер адамдарды топ шеңберінде топтастырып, біріктірумен қатар қоғамдық қатынастардың бұзылуына, әлеуметтік құрылымдардың жіктелуіне де әкеледі. Дәлірек айтсақ, конфликттердің интегративтік қызметімен қатар, қоғамда жік туғызу, әлеуметтік жүйеде түрлі топтардың пайда болуына ықпал ететін де жағы бар екендігін естен шығармауымыз керек.

Конфликттер динамикалық (серпінділік) деп аталатын жағымды қызметі бар. Яғни, конфликттерді, даулы мәселелерді шешу нәтижесінде әлеуметтік жүйенің, жалпы қоғамның сапалы, мәнді өзгерістерге қарай дамуына жол ашылады. Конфликттер неғұрлым көлемді, тереңірек болса, олардың әлеуметтік процестерге тигізетін ықпалы да соғұрлым күштірек болады.

Қорыта айтқанда, конфликтологияны жан-жақты қырынан қарастыра келе, оның жағымды жағынан басқа да негативті жақтары да бар екендігін айта келе, болашақ әлеуметтік педагогтерді позитивті конфликтологиялық құзіреттілікті игеруі маңызды. Яғни, позитивті конфликттің негізгі алғышарты «мәдениетті адам» тұлғасын қалыптастыру болып табылады. Демек, болашақ мамандарда кәсіби құзіреттілікті меңгерудің әдіс-тәсілдері мен

шешу жолдарын көрсете отырып, нағыз конфликтологиялық құзыреттілігі игерген маман тұлғасын қалыптастыруға болады деп ойлаймыз.

Қолданылған әдебиет

1. Байжуманова Н. С. Мұғалімнің кәсіби құзыреттілігі //Білім әлемінде. - 2008. - № 5. - С. 33-36.
2. Косова Ю.С. Социология Людвига Гумпловича //Автореферат канд. дис. –М.: 2002
3. Хисматуллина З.Н. Организационный конфликт как социальный процесс современного общества //Автореферат канд. дис. –М.: 2006.
4. Дарендорф Р. Элементы теории социального конфликта //Социологические исследования, 1994.
5. Хисматуллина З.Н. Организационный конфликт как социальный процесс современного общества. //Автореферат канд. дис. –М.: 2006.
6. Современная конфликтология в контексте культуры мира, -Москва,2001

УДК 378:37.034

ХАЛЫҚ ПЕДАГОГИКАСЫНЫҢ ҚҰРАЛДАРЫН ПАЙДАЛАНУ НЕГІЗІНДЕ СТУДЕНТТЕРДІҢ АДАМГЕРШІЛІК МӘДЕНИЕТІН ҚАЛЫПТАСТЫРУ

Шарипова Орынбасар Боранбайқызы

orynbasar_sharipova@ mail.ru.

Л.Н.Гумилев атындағы ЕҰУ Әлеуметтік педагогика және өзін-өзі тану
кафедрасының аға оқытушысы, Астана, Қазақстан

Бүгінгі таңда жас ұрпақты өз халқының тарихын, тегін, салт дәстүрін, тілін білімін, адамзаттық мәдениетті, адами қасиетті мол терең түсінетін заман талабына сай білім мен тәрбие беру жүйесін ізгілендіруде, кәсіби біліктілігі жоғары мамандар даярлауда халықтық педагогика мұраларын пайдалану арқылы тәрбиелеудің маңызы өте жоғары. Қазақстан Республикасы Білім туралы заңында жас ұрпаққа жан-жақты білім мен тәрбие берудің мемлекеттік саясатының негізі ұстанымдарын айқындап берді. Қазақстан Республикасының «Білім туралы» заңында: « ұлттық және жалпы адамзаттық құндылықтар, ғылым мен практика жетістіктері негізінде жеке адамды қалыптастыруға, дамытуға және кәсіптік шыңдауға бағытталған сапалы білім алу үшін қажетті жағдайлар жасау;

Жеке адамның шығармашылық, рухани және күш-қуат мүмкіндіктерін дамыту, адамгершілік пен салауатты өмір салтының берік негіздерін қалыптастыру, даралықты дамыту үшін жағдай жасау арқылы ой-өрісін байыту » [1].

Қазақстан Республикасында білім беруді дамытудың 2011-2020 жылдарға арналған Мемлекеттік бағдарламасында: « Жаңа білім беру мазмұнының базалық принципі - әрбір мектепте тұлғаның адамгершілік-рухани қасиеттерін дамытуды ынталандыратын ізгі білім беру ортасын құру»

Қазақстан Республикасының әлеуметтік-мәдени дамуының тұжырымдамасында «Тәуелсіз Қазақстанның әлеуметтік-мәдени даму жолы дегеніміз – ең алдымен адамзат құндылықтарына баса назар аудару, прогресшіл халық дәстүрлері мен әдет-ғұрыпының толымды түлеуі, гуманитарлық ғылымдарға, өнерге, халықтардың моральдық байлықтарына қайтып оралу, мәдениеттің барлық салаларында ұлттық даралықты сақтау, барлық ұлттың мәдениетінің қазыналары мен дербестігін мойындау», – деп атап көрсетілген болатын [2].

Н.Ә. Назарбаев «Әлемдік жаһандану дәуірінде ізгілік, кісілік,

адамгершілік, имандылық, бауырмалдылық, отаншылдық, ұлтжандылық сияқты ұлттық құндылықтарды сақтап қалу айтарлықтай маңызды. Ал бұлардың барлығының негізі ұлттық тәлім-тәрбиеде жатыр».

Адамгершілік, ізгілік, әдептілік, имандылық, мейірімділік, қайырымдылық, ізеттілік